

Тапсырма 1

1. Абсолютті және салыстырмалы сілтемелер қолданудың тағы қандай жолдарын білесің?
2. Абсолютті және салыстырмалы сілтемелер арқылы екі файлды қалай бір-бірімен байланыстыруға болады?
3. Екі файлды сілтемелер арқылы байланыстыру алгоритмі қандай қадамдардан тұрады?

Тапсырма 2

Төменде электрондық кесте бөлігі формула көрсету режимінде берілген. Егер C1 ұяшықтағы формуланы көрсету режимінен шыққаннан кейін C3 ұяшыққа көшіріп қойсақ, C1 және C3 ұяшықтарда қандай сандар пайда болады?

	A	B	C
1	10	15	= B1 + \$A\$2
2	20	20	
3	30	25	
4	40	30	

Тапсырма 3

C2 ұяшығындағы формуланы C3 ұяшығына көшіріп қойсақ, онда қандай формула пайда болады?

	A	B	C
1	30		
2	12	4	=\$A\$1*A2 +B2
3	23	5	
4	43	2	

Тапсырма 4

Рамазан 5 бөлмелі үлкен үйде тұрады. Рамазан үйдегі бөлмелердің ені мен ұзындығын өлшеп, кестелік процессорға жазып отыр. Ол төмендегідей дерек алды. Рамазанға үйдегі бөлмелердің ауданы мен периметрін есептеуге көмектес.

	A	B	C	D	E	F
1	№	Бөлмелер атауы	Ұзындығы (м)	Ені (м)	Ауданы (м ²)	Периметрі (м)
2	1	Қонақ бөлме	5	6		
3	2	Балал	4	3		
4	3	Столовая	5			
5	4	Спальня	4	4		
6	5	Игровая	3	3		

Тапсырма 5

Самат 8-сыныпта оқиды. Ол жазғы демалыста әкесіне шауашылықта мал бордақылауға көмектесті. Саматтың еңбекқорлығына әкесі риза болды. Самат бордақылаған малдың бастапқы салмағы әр күн сайын 1%-ға артып отырды. Саматтың мал бордақылаумен айналысқан алғашқы 10 күні берілген. Есептің формуласын құрып, есептеулер жүргіз.

	A	B	C	D	E	F	G	H	I	J	K	L
1												
2	Күнделікті семіру пайызы бастапқы салмақтан = 1% = 0,01											
3												
4	күн	№	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
5	бастапқы салмағы (кг)	280	282,6	.	.	.						

Формула:

1. 10 күннен кейін Самат бордақылаған малдың салмағы қанша килограмға жетті?

Жауап: .

2. Самат әкесіне көмектескен аралықта ол бордақылаған мал неше килограмм салмақ қосты?

Жауап:

Тапсырма 6

1-файлда тауар бағасының әр айдағы өзгеруі, ал 2-файлда сол тауардың әрбір айдағы сатылған көлемі берілген. 2-файлдағы әр айда сатылған тауардың сомасын анықта.

1-файлдағы мәлімет			2-файлдағы мәлімет			
	А	В		А	В	С
1	Ай аттары	Тауар бағасы(тг)	1	Ай аттары	Сатылған тауар саны	Сатылған тауар сомасы
2	Сәуір	100000	2	Сәуір	80	= ?
3	Мамыр	105000	3	Мамыр	57	= ?
4	Маусым	103000	4	Маусым	68	= ?

	A	B	C
1	Ай аттары	Сатылған тауар саны	Сатылған тауар сомасы
2	Сәуір	80	
3	Мамыр	57	
4	Маусым	68	